

№ 3 педагогикалық кеңестің хаттамасы

31.01.2025

Хромтау қаласы

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымдағы дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптар»

Қатысқаны: 29

Өткізу формасы: іскерлік ойын

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы (меңгеруші С.С.Баймағамбетова);
2. «Мектепке дейінгі ұйымда заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның жабдықталу жағдайы» тексеріс қорытындысы (әдіскер И.А.Джанадилова);
3. «Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар» (әдіскер И.А.Джанадилова);
- 4.« МКҚК № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының 2024-2025 о.ж. арналған оқу-тәрбие жұмысының жартыжылдық есебі» (әдіскер И.А.Джанадилова);
5. Іскерлік ойын: «Заттық-кеңістіктік дамытушы орта – білім беру мен тәрбие құралы» педагогикалық рингі (әдіскер И.А.Джанадилова).

ЖИНАЛЫС БАРЫСЫ:

1.Бірінші сұрақ бойынша меңгеруші С.С.Баймағамбетова екінші педагогикалық кеңестің барлық шешімінің орындалғанын айтты.

2.Екінші сұрақ бойынша әдіскер И.А. Джанадилова «Мектепке дейінгі ұйымда заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның жабдықталу жағдайы» тексеріс қорытындысы туралы анықтама оқыды:

№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының жылдық жоспарына сәйкес, 2024-2025 о.ж. қаңтар айының 27 мен 31 аралығында барлық топтарда тақырыптық тексеріс жүргізілді. Тексеріс мақсаты – балабақшада жаңа білім беру стандарт талаптарына сәйкес заттық-кеңістікті ортаның жабдықталуын тексеру.

Тексеріс міндеттері:

- топтарды карау, тексеру;
- топтардың презентациясы.

Тексеріс барысында төмендегідей нәтижелер болды:

Тексеріс барысында барлық топтардың заттық-кеңістіктік жабдықталулары қаралды. ҰІӘ-не қажетті көрнекіліктерді тексеру барысында топтардың көрнекі құралдары, ойын жабдықтары мен шығармашылық жұмыстарына қажетті бейнелеу құралдары және басқа да бұрыштардың жеткілікті дәрежеде екендігі анықталды. Топтарда тіл дамыту және тілдің дыбыстық мәдениеті бойынша жеке жұмыстарға арналған әдістеме қоры толықтыруды қажет етеді, сол сияқты, құрастыру және логикалық ойындар, балалардың қол еңбегіне арналған құралдар жинақталған.

Әрбір топтың қабылдау бөлмелерінде ата-аналарға арналған бұрыш, жапсыру мен мүсіндеу, сол сияқты бүлдіршіндердің күнделікті көңіл күйлерін бақылауға арналған психологиялық бұрыштар, әр топтың өзіндік ерекшеліктерін көрсететін визиттік карточкаларының стенді дайындалған. Одан басқа, жоспар бойынша мерзімді өткізіліп тұратын қосымша іс-шаралардан ақпарат беретін жылжымалы папкілер әзірленген.

Кіші «Шұғыла» тобында тәрбиешілер Ж.Тлеумғанбетова, А.Боккарина жұмыс істейді. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау үшін әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, біліктері мен 5 дамыту бағыты бойынша, яғни, физикалық бағыт, коммуникативті бағыт, танымдық және зияткерлік бағыты, шығармашылық бағыты, әлеуметтік-эмоционалды бағыттары бойынша пәндік-дамытушы орталықтары ұйымдастырылды.

Физикалық дамыту орталығы.

Баланың дене бітімінің сұлулығын қалыптастыру, Қимыл қозғалыс қабілетін дамыту, Қимылдар орындау қабілеттерін қалыптастыру. Бұлшықеттер мен қол аяқтың үйлесімді қимылын дамыту үшін: доп, гимнастикалық шеңбер, кегли ойыны, гір құралдарымен жабдықтырылды.

Коммуникативті дамыту орталығы.

Балалардың сөздік қорын байыту, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, әдеби шығармалар мен театр әлеміне баулу мақсатында коммуникативті дамытушы орта ұйымдастырылды. Оның ішінде театр дамыту орталығында «Шалқан» ертегісі қақпақпен, «Жеті лақ» саусак театры, «Шұбар тауық» ертегісі қасықпен, «Мақта қыз бен мысық» ертегісі кружкамен, «Жеті лақ» ертегісі конуспен, «Бауырсақ» қолғап театрлары бар.

Киіз үй бұрышында 2 көпшік, 1 сандық, 1 қоржын, 1 үстел, 1 бесік бар.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту орталығы

Танымдық және зияткерлік дағдыларды балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып күн сайын ойын түрінде және сенсорика ұйымдастырылған іс әрекеті арқылы іске асырылады. Балалардың танымдық қабілеттерін білуге құштарлығын, қиялын, зейінін, есте сақтауын, байқағыштығын, қол моторикасын дамыту болып табылады.

Пирамида, ағаш жақтаулар, әр түрлі геометриялық пішіндерімен, жануарлардың және жеміс жидек суреттері бар, тұтқасы бар лайнерлер, ағаш 3д шағын пазл, логикалық ойын, Танграм ағаштан жасалған ойыны, магниттік балық аулау және байлау ойыны, ағаштан жасалған конструктор, Геометрик саусак лабиринті, логикалық текше, Сорттер конструктор, пластикалық жеміс жидектер, көкөністер, саусак жаттығуына арналған ойындар.

Шығармашылық дамыту орталығы

Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, музыка іс-әрекеттерімен жүзеге асырылады.

Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу іс-әрекеттеріне қажетті түрлі түсті, қағаздар, қарандаш, бояулар, қайшы, желім, ермексаз құралдарымен қамтылды.

Музыкалық бұрыш

Музыкалық іс әрекеті көркемдік эстетикалық және балалардың эмоционалды қасиеттерін дамытуға бағытталған Домбыра пианино гитара сылдырмақ аспаптарымен дыбыс шығаруды үйренуде, Буфер диско шар арқылы аудио жазбалар тындап би билеп, әуен ырғақ ұғымдарымен танысты.

Ересек «Баланап» тобы тексерілді, тәрбиешілері Ж.Камбарова, Г.Азирбекова.

Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту орталығы

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы күн сайын ойын түрінде балалардың түрлі әрекеттерінде іске асырылады.

Мақсаты: тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту, коммуникативтік-танымдық қабілеттерді, математикалық және логикалық ойлауды дамыту.

Міндеттері:

танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру;

зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту;

балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, объектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу;

математикалық және интеллектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету.

Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту орталығында: 1-10 дейін санауға арналған дидактикалық ойындар. Геометриялық пішіндерді ажыратуға арналған дидактикалық ойындар, заттарды кеңістікте орналастыруға арналған ойындар, Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруға арналған ойындар бар.

Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту

Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, күн сайын ойын түрінде түрлі балалар әрекеттерінде іске асырылады.

Мақсаты: тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын, жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту.

Міндеттері:

балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;

балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;

қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;

өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;

музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;

тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;

балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.

Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту орталығында: сурет салуға, мүсіндеуге, жапсыруға арналған құралдар бар. Сонымен бірге музыкалық аспаптар домбыра, гитара, барабан т.б аспаптар бар.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы ойын түрінде түрлі балалар әрекеттерінде күн сайын іске асырылады.

Мақсаты: тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарға баулу, қоршаған әлемнің заттары мен құбылыстары туралы ұғымдарын байыту.

Міндеттері:

әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу;

Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту;

еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;

табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне

жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу;

экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру орталығында: әр түрлі сюжеттік рөлдік ойындар бар: дәрігер, дүкенші, шаштараз, құрылысшы, жүргізуші т.б. Сонымен бірге машиналар, көкністер, жемістер, ыдыстар т.б. ойыншықтар бар.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, сауат ашу негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы ойын түрінде түрлі балалар әрекеттерінде күн сайын жүзеге асырылады.

Максаты: тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеуді, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту, сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру.

Міндеттері:

ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;

коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;

түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;

балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу;

балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;

әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту орталығында: балалардың сөздік қорларын молайтып, ойларын жеткізе білу және байланыстырып сөйлеуге арналған дидактикалық ойындар, көрнекілік материалдар, картотекалар және әр түрлі кітаптар бар. Өріптер, жұмбақ кітаптар.

Физикалық қасиеттерді дамыту

Физикалық дамыту дене шынықтыру және дене белсенділігі ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы ойын түрінде түрлі балалар әрекетінде жүзеге асырылады.

Максаты: денсаулық сақтау технологиясын қолданып, тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту.

Міндеттері:

балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту;

спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту;

дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту;

дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту;

балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналық-педагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау.

Физикалық қасиеттерді дамыту орталығында: доптар, кегилер, хоккей, футбол ойыны, қимылды ойындар атрибуттары мен картотекалары бар.

3.Үшінші сұрақ бойынша әдіскер И.А. Джанадилова «Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар» тақырыбында слайд арқылы түсіндірді:

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта – бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтар мен басқа да жарақтарды пайдалану. Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді. Балалар әрекетін осындай тәсілмен ұйымдастыру нәтижеге бағытталған даму механизмін құрайды. Бала жоспарланған мақсатты жүзеге асыруға ұмтылады. Дамытушы орта балалар мен ересектердің қарым-қатынасы мен бірлескен әрекетін, балалардың қимыл белсенділігін, сондай-ақ олардың оңаша болуына мүмкіндікті қамтамасыз етуі керек.

Дамытушы орта мыналарды:

- Үлгілік бағдарламаның міндеттерін іске асыруды;
- инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда — оған қажетті жағдайлар жасауды;
- білім беру әрекеті жүзеге асырылатын ұлттық-мәдени, климаттық жағдайларды ескеруді;
- балалардың жас ерекшеліктерін ескеруді қамтамасыз етуі тиіс.

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар:

- қауіпсіз;
- қолжетімді;
- әртүрлі;
- мазмұнды;
- көп атқарымды;
- өзгермелі;
- тартымды.

Жас топтары бойынша заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын талаптар:

1) ерте жас тобында және кіші топта:

танымдық ойыншықтар, қарапайым пазлдар, зерттеушілік қызығушылығын белсендіретін қозғалмалы ойыншықтар, қимылды ойындарға қажетті құралдар, оның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытатын ойын құралдары, жұмсақ модульдер, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтар.

2) ортаңғы топта:

дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, сурет салуға арналған құралдармен және соған лайық жайлы орындармен толықтыру, қол еңбегіне арналған құралдар мен ойыншықтар, театрландырылған ойынға арналған жинақтар, қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар, шағын модельдер.

3) ересек және мектепалды даярлық топтарында (сыныптарында):

дамытушы модульдер, күрделі пазлдар, құрастырылатын ойыншықтар, сауат ашу, алғашқы математикалық ұғымдарды игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, баспа әріптері, сөздер, кестелер, үлкен шрифті бар кітаптар, боямақтар, сандары бар оқулықтар, сандары мен әріптері бар үстел үсті ойындары, ребустар, оқу құралдары, балалар энциклопедиялары, ғаламшардың жануарлары мен өсімдіктер әлемі, әртүрлі елдердің адамдарының өмірі туралы иллюстрацияланған басылымдар, балалар журналдары, альбомдар, суреттер мен карточкалар. Сонымен қатар, көптеген импровизациялауға ыңғайлы материалдардың болуы маңызды (арқан, қорап, сым, доңғалақтар, ленталар және т.б.). Олар ойын барысында балалардың әртүрлі креативті идеяларын іске асыруда, шығармашылық шешім қабылдауында қолданылатын болады.

Сондай-ақ, балаларға ойын барысында бастама танытуға, өз қызығушылықтарына сәйкес әрекеттерді таңдауға мүмкіндік беру үшін педагогтерге дамытушы ортаны жеткілікті және әртүрлі материалдармен байыту ұсынылады.

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптарында заттық-кеңістіктік ортаны ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес зоналар бойынша жаратқандыру ұсынылады.

4.Төртінші сұрақ бойынша әдіскер И.А. Джанадилова МКҚК № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының 2024-2025 о.ж. арналған оқу-тәрбие жұмысының жартыжылдық есебін оқыды:

№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының ұжымы өз жұмысын 29.08.2024 ж. № 1 педагогикалық кеңесте бекітілген 2024-2025 о.ж. арналған жылдық жоспар негізінде жүзеге асырылып келеді. Балабақшаның педагогикалық ұжымы «Мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамыту» бағыты бойынша жұмыс істейді. Мақсаты - «Мектеп жасына дейінгі баланың бойында тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған қолайлы жағдай тудыру, әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу» болып табылады. Осыған сәйкес жаңа оқу жылына төмендегідей міндеттер қойылды:

1. Тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру; олардың өімшл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдык, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
2. Әр тәрбиеленушінің жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;
3. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерін жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз бағытта тәрбиелеу;
4. Әдістемелік жұмыстың белсенді формалары, курстық дайындықтан өту, аттестаттау, түрлі кәсіби байқауларға қатысу арқылы педагогтердің кәсіби құзыреттіліктеріне (құқықтық, кәсіби, қарым-қатынас, ақпараттық) және білім беру талаптарына сәйкес кадрлардың әлеуетін дамыту.

1. № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы туралы мәлімет:

Нақты мекен-жайы: Республика көшесі- 59 Б үй

Телефон:

Электрондық пошта: zhuldyzai010822@mail.ru

Сайт: <http://zhuldyz-ai.testim.kz>

МДҰ меңгерушісі: Баймағамбетова Сания Сакифкереевна

Құрылған жылы - 2022 ж.

Жобалық қуаты - 320 орын; нақты толымдылығы – 228 орын.

Балабақшаның жұмыс режимі:

-жұмыс аптасы: бес күндік;

- МДҰ жұмысының ұзақтығы: 10,5 сағат;

- Балабақшада балалардың болуы: 8.00 - ден 18.00-ге дейін;

- қосымша демалыс күндері қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгіленеді.

МДҰ да 14 топ жұмыс істейді:

ҰӘІ-дің ұзақтығы 15-тен 30 минутқа дейін, олардың орташа саны балалардың жасына сәйкес 1-ден 3-ке дейін.

Жаңа оқу жылына МБДОУ жинақтау жыл сайын 15 маусымға дейінгі мерзімде жүргізіледі, қалған уақытта белгіленген нормаларға сәйкес МБДОУ толық жинақтау жүргізіледі.

Штаттық кестеде мекеме қызметкерлерінің -96,25 бірлігі, оның ішінде педагогикалық қызметкерлер -45,5.

Бүгінгі таңда балабақшаға келіп жүрген бала -228, оның ішінде ерте жаста-38 бала, кіші топта-87 бала, ортаңғы топта-82 бала, ересек топта-79 бала. СУСН-23 бала.

Педагогикалық құрамы

Жаңа оқу жылында №9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасында барлығы 29 педагог жұмыс істейді:

- менеджері-1
- әдіскер-1
- психолог -1
- дене шынықтыру нұсқаушысы- 1
- Музыка жетекшісі- 3
- дефектолог-1
- Логопед-1
- тәрбиешілер-20

Педагогтердің білімі бойынша:

№	Білімі	Педагог саны
1	Жоғары	14
2	Арнаулы орта	15

Еңбек өтілі бойынша:

№	Еңбек өтілі	Педагог саны
1	0-5 жылға дейін	11
2	5-10 жыл	4
3	10-15 жыл	6
4	15-20 жыл	6
5	21-ден жоғары	2

Санаты бойынша:

№	Санаты	Педагог саны
1	Басшы-менеджер	1
2	II санатты	1
3	педагог-модератор	4
4	Педагог-сарапшы	4
5	Педагог-зерттеуші	1
6	Санатсыз	18
7	Санатқа тапсырып отыр	9

Курсы бойынша:

№	Білімі	Педагог саны
1	Курсы бар	13
2	Курсы жоқ	16

Қазіргі қоғамда педагог ерекше назар аударуды талап ететін тұлға болып табылатыны белгілі, сондықтан қоғамнан ұрпақ тәрбиесімен айналысатын рухани сауатты, зиялы мамандарды дайындауға бүгінгі таңда мектепке дейінгі білім беру саласында өзекті мәселеге айналып отыр. Қазіргі кезде педагог-мамандардың жеке басына бірқатар талаптар жүктеледі. Солардың ішіндегі ең негізгісі — балаға деген жүрек жылуы, өз кәсібіне деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығы, кәсіби жан-жақтылық, жоғары мәдениет пен терең білімдарлық. Осы аталғандардың барлығы бойынан табылғанда ғана педагог-мамандардың еңбегі жемісті бола алады. Балабақшадағы педагог қызметкерлердің кәсіби деңгейлерін арттырып, маман ретінде қалыптастыру мақсатында «Жас мамандар мектебінің жоспарын бекіту», «Ата-аналармен және ата-аналар қауымдастығымен жұмысты ұйымдастыру» тақырыптарында жас мамандар отырысы, «Мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық тәрбие беруде қалдық заттарды пайдалана отырып, ойын түрлерін тиімді ұйымдастыру» тақырыбында семинар, «2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктері», «Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптар», «Мектепке дейінгі ұйымдарда жобалау қызметін ұйымдастыру» тақырыбында әдістемелік кеңестер «2024-2025 жаңа оқу жылына арналған негізгі жұмыс істеу бағыттары», «Мектеп жасына дейінгі балалар тұлғасын дамытуда театрландырылған әрекеттердің ролі» тақырыптарында педагогикалық кеңестер өткізілді.

“Ақтөбе - Дарын” өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығы “SANA” зияткерлік орталығымен бірлесе отырып, 2024 жылдың 23 қараша күні “Заманауи білім беру жағдайында педагогтің кәсіби өзін-өзі жетілдіруі және дамуы” тақырыбында өткен республикалық WORKSHOP ZOOM арқылы онлайн форматта өткен семинарына N 9-шы “Жұлдыз-Ай “ бөбекжай-балабақшасының музыка жетекшісі Мухамбетқалиева Айгүл Ахметуллаевна спикер ретінде қатысты. Семинарда “Мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық қабілеттерін дамытуда балалар оркестрін қолдану және ұйымдастыру” тақырыбында өз іс-тәжірибесімен бөлісті.

“Ақтөбе - Дарын” өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығы “SANA” зияткерлік орталығымен бірлесе отырып, 2024 жылдың 23 қараша күні “Заманауи білім беру жағдайында педагогтің кәсіби өзін-өзі жетілдіруі және дамуы” тақырыбында өткен республикалық WORKSHOP ZOOM арқылы онлайн форматта өткен семинарына N 9-шы “Жұлдыз-Ай “ бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі Баймағамбетова Сания Сакифкереевна спикер ретінде қатысып, өз іс-тәжірибесімен бөлісті.

“Ақтөбе - Дарын” өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығы “SANA” зияткерлік орталығымен бірлесе отырып, 2024 жылдың 18 желтоқсан күні “Педагогикалық технологиялар педагогтар мен білім алушылардың білім беру сапасын және ғылыми-зерттеу қызметін арттырудың тиімді құралы ретінде” тақырыбында өткен республикалық WORKSHOP ZOOM арқылы онлайн форматта өткен семинарына N 9-шы “Жұлдыз-Ай “ бөбекжай-балабақшасының педагог-логопеді Нуридин Арайлым Нұрмаханқызы спикер ретінде қатысты. Семинарда “Сөйлеу тілінде бұзылысы бар балалармен жүргізілетін заманауи әдістер” тақырыбында өз іс-тәжірибесімен бөлісті.

Білім беру жүйесіндегі реформалар педагогтардың кәсіби бағыттылығына жаңа талаптар қояды. Бұл талаптар келер ұрпақты білімді, білікті етіп тәрбиелеуге жетелейді. Біздің мекемеде осы бағыттағы жұмыс педагогикалық ұжым мүшелерін оқытудың идеяларымен

қаруландыру, жаңа технологияларды оқып, үйрену кезеңдерінен тұрады. Мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру жұмыстарында технологиялар мен жаңа белсенді оқыту әдістерін қолдану тиімді нәтиже беретінін біздің балабақшаның әр педагогы түсінеді. Биылғы оқу жылында балабақшамыздың педагогтері бірнеше аудандық, облыстық байқауларға қатысып, өздерінің кәсіби шеберліктерін шыңдады. Балабақшамыздың педагогтері аудандық, облыстық, республикалық байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр:

- Облыстық педагогикалық олимпиададан педагогтер Б.Кияшева, Г.Койшыбаева, А.Нуридин, А.Мухамбеткалиева III орындарға, қалған 11 тәрбиешілер алғыс хаттармен марапатталды;
- Республикалық «Үркер» марафонында тәрбиеленушілері жүлделі I, II, III орындарға ие болып, педагогтеріміз алғыс хаттармен марапатталды;
- Тәрбиеші Н.Нуредилова «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша облыстық «Үздік фото» байқауында I орынға ие болды;
- Әдіскер И.А.Джанадилова «Үздік мектепке дейінгі дамытушы бағдарлама» республикалық байқауының аудандық және облыстық кезеңдерінде I орынға ие болды.

№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының 2024-2025 о.ж. «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі жоспарға сәйкес ересек топтары «Менің балабақшам» экскурсиясын ұйымдастырды. Ересек «Гүлдер» және «Балапан» топтары балабақша ішіне экскурсия жүргізді. Балабақшадағы барлық кабинеттерге кіріп, балабақшада жұмыс істейтін барлық мамандармен танысты. Меңгеруші кабинеті, әдіскер кабинеті, музыка және спорт залдары, сенсорика кабинеті, медбикелер кабинеті, асхана бөлмесіне, костюмдер бөлмесіне барып, ондағы заттармен танысып, қандай мамандар жұмыс істейтіндерін білді.

2024-2025 о.ж. қыркүйек айының I-нде ересек «Гүлдер» және «Балапан» топтарында «1 қыркүйек – білім күні» тақырыбында білім күніне арналған танымдық-тәрбиелік сағаты өтті. Мақсаты – балаларға білім күні, білім мерекесі, білім туралы түсінік беру, болашақ мектеп оқушысы екенін сезіндіру, мерекелік көңіл күй сыйлау.

Мерекелік ертеңгілікке мектепалды даярлық топтардың бүлдіршіндері қатысты. Аталған іс-шара ҚР-ның мемлекеттік Гимнімен басталды. Тәрбиеленушілерге білім күні, білім мерекесі, білім туралы жалпы түсінік беріліп, түсіндірілді.

2024-2025 о.ж. қыркүйек айының 05-нде тілдер мерекесі күніне орай «Тілім менің - тірегім!» тақырыбында тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекеттері өтті. Мақсаты – балалардың ана тіліне құрмет сезімдерін арттыру, тіл мәртебесін көтеру, дұрыс, өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін арттыру. Қазақстан мемлекетінде тұратын барлық халықтың тілдерін құрметтеу.

Қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын бойға сіңіру, отбасында әже мен немере арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында 2024-2025 о.ж. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы», «Әжелер мектебі» жоспарына сәйкес қыркүйек айының 26-нда ересек топтар арасында «Әжемнің ыстық бауырсақтары» тақырыбында танымдық-тәрбиелік іс-шарасы өтті. Мақсаты – қазақтың ұлттық тағамы бауырсақтың жасалу жолдарымен таныстыру, (бейне сюжет, алдын ала асханаға саяхат т.б.) «бауырсақты» «камырдан» (қатты тұздап иленген ұн) есу, ұзу арқылы, әженің үлгісі бойынша орындату, ұсақ қол моторикасын дамыту. Ұқыптылық, тазалық дағдыларын қалыптастыру.

2024-2025 о.ж. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы», «Әжелер мектебі» жоспарына сәйкес қыркүйек айының 26-нда ересек топтар арасында «Садақ ату» тақырыбында танымдық-тәрбиелік іс-шарасы өтті. Мақсаты – садақ ату – қашықтықтан дәл көздейтін сол заманындағы суық қарудың түрі. Қарапайым садақты тобылғы, үйеңкі сияқты ағартан доғаша иіп, екі ұшын қайыспен керіп жасайды. Осы екі аралықты қосып тұрған мықты таспаны қазақ «адырна» деп атаған. «Жай садақ», «Күрделі садақ», «Құрама садақ» туралы, олардың жасалу

жолдарын түсіндіру. Ауыз әдебиетінде бұл қарудың «қайың садақ», «қарағай садақ», «үйеңкі садақ» деген атаулары кездеседі. Оның «бала садақ» деген де түрі бар. Мұндай садақ ер баланы жаугершілікке, аңшылыққа баулу үшін жасалды.

2024-2025 о.ж. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы», «Аналар мектебі» жоспарына сәйкес қыркүйек айының 25-інде кіші топтар арасында «Шаш өру-қазақ қызына тән» тақырыбында танымдық-тәрбиелік іс-шарасы өтті. Мақсаты – қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай әдептілік, көріктілік, ептілік, инабаттылық, кішіпейілділік, сұлулық т. б жан — жақты ұлттық қасиеттерін таныта білу; балалардың ойлау, есте сақтау, танымдық қасиеттерін дамыту; қазақ халқының әдет — ғұрпы арқылы қыз бала тәрбиесіне тән қасиеттерді бойына сіңіру.

5. Бесінші сұрақ бойынша әдіскер И.А. Джанадилова «Заттық-кеңістіктік дамытушы орта – білім беру мен тәрбие құралы» педагогикалық рингін өткізді.

Педагогтер екі крмандаға бөлініп, «Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптар» тақырыбында берілген тапсырмаларды орындады.

Педкестің шешімі:

1. МКҚК № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының 2024-2025 о.ж. арналған оқу-тәрбие жұмысының жартыжылдық жұмысы қанағаттанарлық деп бағалансын;
2. Топтардағы заттық-кеңістіктік ортаны жабдықтау жұмысы жалғастырылып, стандарт талаптарына сәйкес жүргізілсін.

Төрайымы:

Хатшы:



С.С.Баймагамбетова

М.С. Абдигазиева